



# 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАЛАЛАРДАҒЫ ӨМІР САПАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ РЕЙТИНГІ

# 2022 жылға арналған қалалардағы өмір сапасының ұлттық рейтингі

Экономикалық зерттеулер институты АҚ 2022 жылы Қазақстанның 25 қаласында өмір сапасының рейтингін дайындады. Сондай-ақ, 2021 жылғы қалалар бойынша нәтижелермен салыстыру жүзеге асырылды.

Өмір сапасы рейтингінің қорытынды есебі 3 факторды қамтыды «Экономика және бизнес», «Адами ресурстар» және «Инфрақұрылым», олар тиісті қосалқы факторларға және 14 санатқа бөлінді, бұл:

1. Экономикалық өсу
2. Материалдық әл-ауқат
3. Еңбек нарығы
4. Бизнес ортаны бағалау
5. Демографиялық жағдай
6. Білім сапасы
7. Халық денсаулығы
8. Мәдениет, спорт және демалыс
9. Көлік инфрақұрылымы
10. Тұру шарттары
11. Тұру жайлылығы
12. ЖАО жұмысының тиімділігі
13. Қауіпсіздік
14. Қоршаған орта жағдайы

Өз кезегінде санаттар 89 көрсеткішке бөлінді, оның 53-і статистикалық, ал 36-сы 25 қала тұрғындарының онлайн сауалнамасының нәтижелері бойынша қалыптастырылды.

Статистикалық көрсеткіштер қала тұрғындарының онлайн сауалнамасының цифрланған нәтижелерімен салыстырылды, бұл өз кезегінде алынған нәтижелердің объективтілігін арттыруға мүмкіндік берді. Мысалы, тұрғын үй қорының орталық сумен, орталық жылумен қамтамасыз етілуі сияқты статистикалық көрсеткіштер сіздің қалаңыздағы ауыз судың сапасын, қаладағы жылумен жабдықтау сапасын 10 балдық жүйе бойынша бағалау және т. б. сияқты сұрақтарға онлайн сауалнама нәтижелерімен салыстырылды.

## 2022 жылғы рейтингті 2021 жылғы нәтижелермен салыстыру

ПОЗИЦИЯ №	ҚАЛА АТАУЫ	РЕЙТИНГ	РЕЙТИНГ 2021		ДИНАМИКА	
		БАЛЛ	ОРЫН	БАЛЛ	ОРЫН	БАЛЛ
1	АСТАНА	5,89	1	6,67	0	-0,78
2	АТЫРАУ	5,43	3	5,49	+1	-0,06
3	АЛМАТЫ	5,41	2	5,67	-1	-0,26
4	АҚТАУ	5,40	4	5,45	0	-0,05
5	ТҮРКІСТАН	5,39	24	4,10	+19	1,29
6	СТЕПНОГОРСК	5,13	11	4,9	+5	0,23
7	ҚОСТАНАЙ	5,13	5	5,39	-2	-0,26
8	ШЫМКЕНТ	5,06	12	4,89	+4	0,17
9	БАЛҚАШ	4,97	17	4,66	+8	0,31
10	ОРАЛ	4,95	7	5,11	-3	-0,16
11	ПЕТРОПАВЛ	4,83	6	5,15	-5	-0,32
12	ӨСКЕМЕН	4,82	13	4,81	+1	0,01
13	ПАВЛОДАР	4,79	10	4,94	-3	-0,15
14	ЕКІБАСТҰЗ	4,59	21	4,35	+7	0,24
15	КӨКШЕТАУ	4,49	16	4,68	+1	-0,19
16	ЖАҒАВЗЕН	4,45	25	4,10	+9	0,35
17	АҚТӨБЕ	4,37	8	4,98	-9	-0,61
18	ТАЛДЫҚОРҒАН	4,36	14	4,72	-4	-0,36
19	РИДДЕР	4,33	19	4,5	0	-0,17
20	ҚЫЗЫЛОРДА	4,31	15	4,69	-5	-0,38
21	ҚАРАҒАНДЫ	4,30	9	4,98	-12	-0,68
22	ТАРАЗ	4,30	20	4,41	-2	-0,11
23	ЖЕЗҚАЗҒАН	4,22	18	4,54	-5	-0,32
24	СӘТБАЕВ	3,97	22	4,21	-2	-0,24
25	СЕМЕЙ	3,89	23	4,16	-2	-0,27

**Астана, Атырау, Алматы қалалары 53 статистикалық көрсеткішті және 36 әлеуметтік сауалнама нәтижелерін өңдеу қорытындысы бойынша рейтинг көшбасшылары болды.** Сондай-ақ Ақтау, Түркістан және Степногорск қалалары да жоғары мәндерге ие.

Егер қалалардың бірінші үштігінің, оның ішінде Ақтау қаласының позицияларын бірқатар экономикалық көрсеткіштердің оң әсерімен түсіндіруге болатын болса, онда Түркістан және Степногорск қалаларының жоғары позициялары әлеуметтік сауалнама қорытындылары бойынша жергілікті тұрғындардың салыстырмалы түрде жоғары бағаларымен түсіндіріледі.

Бұл ретте қалалардың ешқайсысы теориялық тұрғыдан ықтимал 10 балл жинаған жоқ, ал орташа балл шартты 5 балдан төмен болды – 4,75 балл. Осылайша, зерттелетін қалалардың шамамен 70% - ы өмір сапасының интегралды көрсеткіші орташа мәннен төмен.

Рейтингтің төменгі қатарында Жезқазған, Сәтбаев және Семей қалалары тұр. Бұл ретте екі қала – Жезқазған және Семей ағымдағы жылдан бастап жаңа облыстардың Ұлытау және Абай қалаларының әкімшілік орталықтары болып табылады.

**2021 жылғы рейтингпен салыстырғанда қалалар бойынша орташа балл 0,11 баллға төмендеді (4,86 баллдан 4,75 баллға дейін).** Орташа балдың төмендеуін экономикалық жағдайдың нашарлауымен және қалалардағы негізгі өнімдер бағасының өсуімен түсіндіруге болады, бұл туралы тұрғындар онлайн сауалнамада үнемі атап өтті.

2021 жылмен салыстырғанда балл динамикасы бойынша ең көп өсім Түркістан, Жаңаөзен, Балқаш, Екібастұз және Степногорск қалаларында байқалады. Ең үлкен теріс динамика мен балдың төмендеуі Астана, Қарағанды, Ақтөбе, Қызылорда және Талдықорған қалаларында байқалады. Кейбір қалалар бойынша балдардың салыстырмалы түрде жоғары құбылмалылығы тұрғындардың онлайн сауалнама нәтижелерінің әсерімен түсіндіріледі.

## Қала тұрғындарының жауаптарындағы ең өзекті сұрақтардың рейтингі



### 1 квадрант (салыстырмалы түрде жоғары бағалар)

- Электрмен жабдықтау сапасы;
- Өмірге қанағаттанушылық;
- Жылумен жабдықтау сапасы;
- Жеке қауіпсіздік деңгейі;
- Спорт нысандарының қолжетімділігі;
- Өрт сөндіру қызметінің жұмысы;
- Ауыз судың сапасы;
- Қаладағы жайлылық;
- Жеке тұрғын үй жағдайлары



### 2 квадрант (салыстырмалы түрде жақсы бағалар)

- Жасыл желектер саны;
- Отбасының материалдық жағдайы;
- Алдағы жылдары материалдық жағдайды жақсарту мүмкіндігі;
- Қалада жұмыс табу оңай ма;
- Мәдени және ойын-сауық мекемелері;
- Қаланың басқа қалаларға қатысты тартымдылығы;
- Қаланың коммуналдық қызметтерінің жұмысы;
- Мүмкіндік болса, басқа қалаға көшуге деген ниет.



### 3 квадрант (сыни бағалау)


- Жеке материалдық жағдайы
- Қоғамдық орындарға қанағаттану (саябақтар, желекжолдар және т. б.)
- Мектепке дейінгі білім беру сапасы;
- Әлеуметтік қызметтердің жұмысы;
- Орта білім сапасы;
- Қаланы абаттандыру деңгейі;
- Байланыс және коммуникация жұмысы;
- Арнаулы орта білім беруді бағалау;
- Құқық қорғау органдарының жұмысы



### 4 квадрант (ең сыңи бағалаулар)

- Қаланың сәулеттік келбеті;
- Денсаулық сақтаудағы қызметтердің сапасы;
- Қоғамдық көліктің жұмысы;
- Автомобиль жолдарының жағдайы;
- Қала әкімдігінің жұмысын бағалау;
- Көше тазалығы (қоқыс);
- Қала мәслихатының жұмысы;
- Жоғары білімді бағалау;
- Экологияның жай-күйі (ауа тазалығы)
- Қалада қолайлы бағамен тұрғын үй.

2022 жылғы қалалар рейтингінің нәтижелері



## **Астана-1 орын.**

2022 жылы рейтингте бірінші орынды ықтимал 10 балдан 5,89 балл жинап, Астана қаласы иеленді. Елорда үшінші жыл қатарынан қалалардағы өмір сапасының мерзімді ұлттық рейтингінде көшбасшылықты сақтап келетінін атап кеткен жөн.

Қала бірден екі фактор бойынша бірінші орынға ие болды: «Экономика және бизнес» (6,61 балл) және «Инфрақұрылым» (6,07 балл). «Адами ресурстар» факторы бойынша елорда 6-орынға ие болды.

Қаланың ең маңызды мәселелері ретінде тұрғындар тұрғын үйлердің болуы мен қолжетімділігін, медициналық қызметтердің сапасын, білім беру қызметтерінің сапасын, қаладағы атмосфералық ауаның ластануын, коммуналдық қызметтердің сапасын, қоғамдық көліктің жұмысын атап өтті.

## **Атырау-2 орын.**

Рейтингтің екінші орында 2022 жылы 5,43 баллмен Атырау қаласы орналасқан. 2021 жылмен салыстырғанда қала 3 орынға көтерілді. Қала «Экономика және бизнес» және «Адами ресурстар» факторлары бойынша ең жоғары балға және 3 орынға ие болды. Бұл ретте, «Инфрақұрылым» факторы бойынша Атырау 5,02 балл жинап, тек 15-орынға ие болды.

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: ауаның ластануы, медициналық қызметтердің сапасы, сондай-ақ қаладағы жолдардың жағдайы.

## **Алматы-3 орын.**

2022 жылы рейтингте үшінші орынды 5,41 балл жинап, Алматы қаласы иеленді.

Қала экономиканың ең дамыған деңгейін көрсетеді. Мәселен, фактор бойынша қала

5,95 баллмен 2 орын алды. «Адами ресурстар» факторы бойынша Алматы 7-орынды (4,92 балл), «Инфрақұрылым» факторы бойынша 10-орынды иеленді.

Қалада жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша тұрғындарды атмосфералық ауаның ластануы, тұрғын үйдің қолжетімділігі және қоғамдық көліктің жұмысы толғандырады.

## **Ақтау - 4 орын.**

2022 жылы рейтингте 5,40 баллмен Ақтау қаласы төртінші орынды иеленді. Ақтау үшінші жыл қатарынан рейтингтегі төртінші орыннан төмен түспейтінін атап кеткен жөн.

Факторлар бөлінісінде Ақтау қаласын «Экономика және бизнестің» дамуы және «Инфрақұрылымның» сапасы бойынша 4-орынға, «Адами ресурстар» факторы бойынша 5-орынға ие.

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: медициналық қызметтердің сапасы, коммуналдық қызметтердің жұмысы, сондай-ақ жұмыс орындарының болмауы.

## **Түркістан-5 орын.**

Рейтингте бесінші орынды 5,39 баллмен Түркістан қаласы иеленді. Қала «Адами ресурстар» факторы бойынша жетекші орынға ие (6,92 балл).

«Экономика және бизнес» факторы бойынша қала 3,95 балл жинап, 20-орында тұр. Ал «Инфрақұрылым» факторы бойынша қала 11 орынға ие болды (5,28 балл).

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: жұмыс орындарының болмауы, коммуналдық қызметтердің сапасы, сондай-ақ медициналық қызметтердің сапасы.



**Степногорск - 6 орын.**

Рейтингте 6 орында Степногорск қаласы орналасқан (5,13 балл). 2021 жылмен салыстырғанда қала рейтингте жоғарылап, 11 орыннан 6-ға көтерілді. Қала позицияларының өсуіне қала тұрғындарының онлайн сауалнамасының нәтижелері әсер етті.

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: медициналық қызметтердің сапасы, коммуналдық қызметтердің сапасы және қоғамдық көлік.

**Қостанай - 7 орын.**

Қостанай облысының әкімшілік орталығы 5,13 балл жинап, өмір сапасы рейтингінде жетінші орында тұр. 2021 жылғы рейтингпен салыстырғанда қала 2 позициядан айырылды (5 орын).

Қала «Экономика және бизнес» факторы бойынша үздік нәтиже көрсетті - 5 орын және 5,20 балл. «Инфрақұрылым» факторы бойынша қала 7 орында (5,49 балл). Ал «Адами ресурстар» факторы бойынша қала 11 орынға ие (4,68 балл).

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: медициналық қызметтердің сапасы, тұрғын үйдің болуы мен қолжетімділігі, қаладағы жолдардың жай-күйі.

**Шымкент - 8 орын.**

Еліміздегі ең ірі қалалардың бірі 5,06 балл жинап, өмір сапасы бойынша рейтингтің 8-ші қатарына енді. Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылы қала 12-ші орынды иеленді (4,86 балл).

Шымкент «Инфрақұрылым» факторы бойынша үздік нәтиже көрсетті - 5 орын және 5,51 балл. «Экономика және бизнес» факторы бойынша қала 7 орынға ие болды (4,76 балл). «Адами ресурстар» факторы бойынша Шымкент 8 орынға ие (4,91 балл).

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: жұмыс орындарының болмауы, медициналық қызметтердің сапасы, тұрғын үйдің болуы және қолжетімділігі.

**Балқаш - 9 орын.**

Рейтингте тоғызыншы орынды Балқаш қаласы иеленді (4,97 балл). 2021 жылмен салыстырғанда (17 орын) қала 8 позицияға көтерілді.

Балқаш ең жоғары орынды «Инфрақұрылым» факторы бойынша иеленді-3 орын (5,76 балл). «Адами ресурстар» факторы бойынша қала 9 - орынды (4,84 балл), «Экономика және бизнес» факторы бойынша 12-орынды (4,29 балл) иеленді.

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: ауаның ластануы, қаладағы жолдардың жағдайы және медициналық қызметтердің сапасы.

**Орал - 10 орын.**

Рейтингте 10 орынды Орал қаласы иеленді (4,95 балл). 2021 жылғы рейтингпен салыстырғанда қала 7-ден 10-ға төмендеді.

Факторлар тұрғысынан Орал қаласы келесі орындарға ие болды: «Адами ресурстар» - 4 орын, «Экономика және бизнес» - 11 орын, «Инфрақұрылым» - 13 орын.

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: медициналық қызметтердің сапасы, қаладағы жолдардың жағдайы және коммуналдық қызметтердің сапасы.

**Петропавл – 11 орын.**

Рейтингте 11 орында 4,83 баллмен Петропавл қаласы орналасқан. Қала 2021 жылмен салыстырғанда рейтингте позициясын айтарлықтай жоғалтқанын атап кеткен жөн (6 орын).



Факторлар бөлінісінде Петропавл келесі нәтижелерді көрсетті: «Инфрақұрылым» - 2 орын (5,97 балл), «Адами ресурстар» - 16 орын (4,60 балл), «Экономика және бизнес» - 21 орын (3,90 балл).

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: медициналық қызметтердің сапасы, тұрғын үйдің болуы мен қолжетімділігі, қаладағы жолдардың жай-күйі.

### **Өскемен - 12 орын.**

2022 жылғы рейтингте Өскемен қаласы 12-орынға ие болды (4,82 балл). 2021 жылғы рейтингпен салыстырғанда қала 1 позицияға көтерілді.

Қала «Экономика және бизнес» факторы бойынша ең жоғары орынға ие болды - 6 орын (4,83 балл). «Инфрақұрылым» факторы бойынша қала 14 орында (5,07 балл). Ал «Адами ресурстар» факторы бойынша қала 17 орынға және 4,53 балға ие.

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: медициналық қызметтердің сапасы, қаладағы жолдардың жағдайы және коммуналдық қызметтердің сапасы.

### **Павлодар - 13 орын.**

2022 жылғы рейтингте Павлодар қаласы 13-орынға ие болды (ықтимал 10 балдан 4,79 балл). 2021 жылмен салыстырғанда қала рейтингте 3 позицияға төмендеді.

Қала ең жоғары позицияны «Инфрақұрылым» факторы бойынша иеленді - 8 орын және 5,48 балл. «Экономика және бизнес» факторы бойынша Павлодар 13 орынды (4,24 балл), «Адами ресурстар» факторы бойынша 14 орынды (4,64 балл) иеленді.

Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: ауаның ластануы, медициналық қызметтердің сапасы, тұрғын үйдің қолжетімділігі.

### **Екібастұз - 14 орын.**

2022 жылы рейтингте он төртінші орынды ықтимал 10 балдан 4,59 балл жинап, Екібастұз қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала өз орнын 7 позицияға жақсартып, 0,24 баллға өсті.

Екібастұз «Адами ресурстар» (4,83 балл - 10 орын) және «Инфрақұрылым» (5,26 балл - 12 орын) қосалқы факторы бойынша салыстырмалы түрде үздік позицияны иеленеді. «Экономика және бизнес» қосалқы факторы бойынша қала соңғы 24-орында.

Рейтингтегі позицияның айтарлықтай жақсарғанына қарамастан, тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Медициналық қызметтердің сапасы, сондай-ақ ауаның ластануы-75,3%;
- Қоғамдық көлік жұмысы-66,2%;
- Автомобиль жолдарының жағдайы-55,8%.

### **Көкшетау - 15 орын.**

2022 жылы рейтингте он бесінші орынды ықтимал 10 балдан 4,49 балл жинап, Көкшетау қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала өз орнын 1 позицияға жақсартты, бұл ретте жалпы балл 0,19 бірлікке азайды.

Көкшетау «Экономика және бизнес» (4,33 балл - 10 орын) және «Адами ресурстар» (4,64 балл - 15 орын) қосалқы факторы бойынша салыстырмалы түрде үздік позицияны иеленеді. «Инфрақұрылым» қосалқы факторы бойынша қала 20-шы орында.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Тұрғын үйдің болуы және қолжетімділігі – 88,2%
- Медициналық қызметтердің сапасы – 82,4%;
- Коммуналдық қызметтердің сапасы – 70,6%;
- Қаладағы тазалық – 58,8%.

### Жаңаөзен - 16 орын.

2022 жылы рейтингте он алтыншы орынды ықтимал 10 балдан 4,45 балл жинап, Жаңаөзен қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала өз орнын 0,35 балға өсумен 9 позицияға жақсартты.

Жаңаөзен «Инфрақұрылым» қосалқы факторы бойынша (5,49 балл – 6 орын) үздік позицияларға ие. «Экономика және бизнес», сондай-ақ «Адами ресурстар» екі қосалқы факторы бойынша қала 23 және 20-орынға ие.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Жұмыс орындарының болмауы – 83,3%
- Қаладағы тазалық – 55,6%;
- Медициналық қызметтердің сапасы – 50%;
- Коммуналдық қызметтердің сапасы – 38,9%.

### Ақтөбе - 17 орын.

2022 жылы рейтингте он жетінші орынды ықтимал 10 балдан 4,37 балл жинап, Ақтөбе қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала 9 позицияға түсіп, өз орнын едәуір нашарлатты. Бұл ретте жалпы балл 0,61 бірлікке азайды.

Ақтөбе «Экономика және бизнес» қосалқы факторы бойынша салыстырмалы түрде үздік позицияларға ие (4,66 балл – 8 орын).

«Инфрақұрылым», сондай-ақ «Адами ресурстар» қосалқы факторлары бойынша қала 21 және 22 орында.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Ауаның ластануы және қаладағы тазалық – 85%;
- Қаладағы жолдардың жағдайы – 82,5%;
- Медициналық қызметтердің сапасы – 42,5%;

### Талдықорған – 18 орын.

2022 жылы рейтингте он сегізінші орынды, ықтимал 10 балдан 4,36 балл жинап, Талдықорған қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала 4 позицияға түсіп, өз орнын нашарлатты. Бұл ретте жалпы балл 0,36 бірлікке азайды.

Талдықорған «Адами ресурстар» қосалқы факторы бойынша салыстырмалы түрде үздік позицияны иеленеді (4,66 балл – 8 орын). «Инфрақұрылым», сондай-ақ «Экономика және бизнес» қосалқы факторлары бойынша қала 17 және 22-орында.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Ауаның ластануы және қаладағы тазалық – 85%;
- Қаладағы жолдардың жағдайы – 82,5%;
- Медициналық қызметтердің сапасы – 42,5%;

### Риддер - 19 орын.

2022 жылы рейтингте он тоғызыншы орынды ықтимал 10 балдан 4,33 балл жинап, Риддер қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала бұрынғы орнында қалды. Бұл ретте жалпы балл 0,17 бірлікке азайды.

Басқа қалаларға қатысты Риддер «Экономика және бизнес» - 17 - орын, «Адам ресурстары» - 18-орын және «Инфрақұрылым»

- 19-орын қосалқы факторлары бойынша төмен позицияларды алады.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Қоғамдық көлік жұмысы – 86,2%;
- Медициналық қызметтердің сапасы – 78,7%;
- Қаладағы жолдардың жағдайы – 65,5%;

### **Қызылорда - 20 орын.**

2022 жылы рейтингте жиырмасыншы орынды ықтимал 10 балдан 4,31 балл жинап, Қызылорда қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала 5 позицияға түсіп, өз орнын нашарлатты. Бұл ретте жалпы балл 0,38 бірлікке азайды.

Қызылордада «Экономика және бизнес» қосалқы факторы бойынша салыстырмалы түрде үздік орын алады (4,15 балл – 14 орын).

«Инфрақұрылым», сондай-ақ «Адами ресурстар» қосалқы факторлары бойынша қала 18 және 21 орында.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Медициналық қызметтердің сапасы – 90%;
- Қаладағы жолдардың жағдайы – 75%;
- Ауаның ластануы – 75%

### **Қарағанды - 21 орын.**

2022 жылы рейтингте жиырма бірінші орынды ықтимал 10 балдан 4,30 балл жинап, Қарағанды қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала 12 позицияға түсіп, өз орнын нашарлатты. Бұл ретте жалпы балл 0,68 бірлікке азайды.

Қарағанды «Экономика және бизнес» қосалқы факторы бойынша салыстырмалы түрде үздік орынға ие (4,63 балл – 9 орын).

«Инфрақұрылым», сондай-ақ «Адами ресурстар» қосалқы факторлары бойынша қала 22 және 23 орында.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Ауаның ластануы – 77,3%;
- Медициналық қызметтердің сапасы – 68,2%;
- Жолдардың жағдайы – 65,9%;
- Тұрғын үйдің болуы және қолжетімділігі – 65,9%;

### **Тараз - 22 орын.**

2022 жылы рейтингте жиырма екінші орынды ықтимал 10 балдан 4,30 балл жинап, Тараз қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала 2 позицияға түсіп, өз орнын нашарлатты. Бұл ретте жалпы балл 0,11 бірлікке азайды.

Тараз «Адами ресурстар» қосалқы факторы бойынша салыстырмалы түрде үздік позицияны иеленеді (4,66 балл – 13 орын). «Инфрақұрылым», сондай-ақ «Экономика және бизнес» қосалқы факторлары бойынша қала 16 және 25 орында.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Жұмыс орындарының болмауы – 71,4%;
- Коммуналдық қызметтердің сапасы – 71,3%;
- Жолдардың жағдайы – 67,9%;
- Медициналық қызметтердің сапасы – 67,8%;

### **Жезқазған - 23 орын.**

2022 жылы рейтингте жиырма үшінші орынды ықтимал 10 балдан 4,22 балл жинап, Жезқазған қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала 5 позицияға түсіп, өз орнын нашарлатты. Бұл ретте жалпы балл 0,32 бірлікке азайды.

Жезқазған «Экономика және бизнес» қосалқы факторы бойынша салыстырмалы түрде үздік позицияны иеленеді (4,06 балл – 16 орын).

«Адами ресурстар», сондай-ақ «Инфрақұрылым» қосалқы факторлары бойынша қала 19 және 23 орында.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Ауаның ластануы – 90%;
- Қаладағы жолдардың жағдайы – 90%;
- Қаладағы тазалық – 75%;
- Медициналық қызметтердің сапасы, сондай – ақ тұрғын үйдің болуы мен қолжетімділігі мәселелері – 67,8%;

### **Сәтбаев - 24 орын.**

2022 жылы рейтингте жиырма төртінші орынды ықтимал 10 балдан 3,97 балл жинап, Сәтбаев қаласы иеленді. 2021 жылмен салыстырғанда қала 2 позицияға түсіп, өз орнын нашарлатты. Бұл ретте жалпы балл 0,24 бірлікке азайды.

Сәтбаев «Экономика және бизнес» қосалқы факторы бойынша салыстырмалы түрде үздік позицияны иеленеді (4,03 балл – 18 орын).

«Инфрақұрылым», сондай-ақ «Адами ресурстар» қосалқы факторлары бойынша қала 24 және 25 орында.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Коммуналдық қызметтердің сапасы – 94,7%;
- Жолдардың жағдайы – 68,4%;
- Қаладағы тазалық – 57,9%;

### **Семей - 25 орын.**

2022 жылы Семей қаласы рейтингте ықтимал 10 балдан 3,89 балл жинап, жиырма бесінші орынға ие болды. 2021 жылмен салыстырғанда қала 2 позицияға түсіп, өз орнын нашарлатты. Бұл ретте жалпы балл 0,27 бірлікке азайды.

Отбасылардың салыстырмалы түрде ең жақсы позициясын «Экономика және бизнес» қосалқы факторы алады (4,02 балл – 19 орын). «Инфрақұрылым», сондай-ақ «Адами ресурстар» қосалқы факторлары бойынша қала 25 және 24 орында.

Тұрғындардың пікірінше, қаладағы негізгі проблемалар:

- Коммуналдық қызметтердің сапасы – 94,7%;
- Жолдардың жағдайы – 68,4%;
- Қаладағы тазалық – 57,9%;